

«Евразия» Сақтандыру компаниясы "АҚ Басқармасы 2025 жылғы 29 сәуірде бекіткен.

**«Евразия» СК 30-жылдығына арналған
«Каско үшін автомобиль»
ұтыс ойынын өткізу шарттары**

Алматы, 2025

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1. Осы «Каско үшін автомобиль» ұтыс ойынын өткізу және оған қатысу шарттары (бұдан әрі - Шарттар) «Каско» сақтандыру өніміне қызығушылықты тудыру және қолдау мақсатында әзірленді.
- 1.2. «Каско үшін Автомобиль» ұтыс ойыны (бұдан әрі – Ұтыс ойыны) 18 жасқа толған адамдардың белгісіз тобы (бұдан әрі – Қатысушы) арасында өткізіледі.
- 1.3. Ұтыс ойынын ұйымдастырушы «Евразия» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Ұйымдастырушы») болып табылады.
- 1.4. Ұйымдастырушы ұтыс ойынын ұйымдастыруға және өткізуге мердігерді – «MediaInsider» ЖШС (бұдан әрі – Бірлесіп ұйымдастырушы) тартады.
- 1.5. Ұтыс ойынын өткізу кезеңі Ұйымдастырушының ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады.
- 1.6. Ұтыс ойынына қатысу үшін өткізу кезеңінде Ұйымдастырушының Каско сақтандыру өнімі бойынша сақтандыру шартын (шарттарын) 1 (бір) жылға және одан да көп сақтандыру мерзімімен жасау қажет.

2. ҰТЫС ОЙЫНЫНА ҚАТЫСУҒА РҰҚСАТ БЕРУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

- 2.1. Ұтыс ойынына Қазақстан Республикасының азаматтығы бар, 18 жасқа толған және «Каско» кез келген сақтандыру өнімі бойынша Ұйымдастырушымен осы Шарттарда көрсетілген кезеңде сақтандыру мерзімі 1 (бір) жыл және одан да көп сақтандыру шартын (шарттарын) (бұдан әрі – Шарт) жасаған жеке тұлға қатысушы болып табылады.
- 2.2. Ұтыс ойынына қатысушының мәртебесі Шарт жасасумен және сақтандыру сыйлықақысын төлеумен, сондай-ақ осы Шарттарды сөзсіз қабылдауымен расталады.
- 2.3. Ұтыс ойынына осы Шарттардың 3.9-тармағында көзделген талаптарды ескере отырып, 2025 жылғы «01» мамырдан 2026 жылғы «30» сәуірге дейінгі, екі күнді қоса алғанда, кезеңде жасалған Шарттар қатысады.
- 2.4. Қатысушы ЖКО кезінде кінәлі болмауы тиіс.
- 2.5. Ұтыс ойыны қолданылатын кезеңде жасалған Шарттар бойынша сақтандыру сыйлықақыларын Қатысушылар Шарттың шарттарына сәйкес толық көлемде, оның ішінде бөліп-бөліп төлеммен төлеуі тиіс.
- 2.6. Ұтыс ойынына «Евразия» СК АҚ қызметкерлері, Ұйымдастырушы және Бірлесіп ұйымдастырушы ретінде агенттер, сондай-ақ олардың жақын туыстары (жұбайлары, ата-аналары, балалары, бауырлары, ата-апалары) қатысуға жіберілмейді.

3. ҰТЫС ОЙЫНЫНА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ, ҰТЫС СЫЙЛЫҚТАРЫ

- 3.1. Ұтыс ойынына осы Шарттың 2-бабында көрсетілген тұлғалар қатысады.
- 3.2. Ұйымдастырушы сақтандыру шарттарының нөмірлері негізінде қатысушылардың тізімін жасайды. Қатысушылардың нөмірлерінің иесіздендірілген тізімі нотариус пен комиссия мүшелерінің қатысуымен Шарт нөмірін кездейсоқ іріктеу әдісімен жеңімпаздарды анықтау үшін Бірлесіп ұйымдастырушыға беріледі.
- 3.3. Комиссияның құрамына Ұйымдастырушының, Бірлесіп ұйымдастырушының өкілдері, кейіннен нәтижелерді куәландыру және Жеңімпаздарды анықтау үшін қызметті жүзеге асыруға тиісті лицензиясы бар Нотариус кіреді.
- 3.4. Ұтыс ойынының Жеңімпазы Шартты таңдаудың кездейсоқ әдісімен Жеңімпазды таңдауға мүмкіндік беретін арнайы бағдарламалық жасақтама - рандомайзердің көмегімен анықталады.
- 3.5. Ұтыс ойынының жүлде қоры:
 - 3.5.1. Бас жүлде - 2025 жылы шыққан Toyota Corolla автокөлігі - 2 (екі) дана. Ұйымдастырушы ресми автодилерде сатуға болатын автомобильдің жиынтығы мен түсін дербес анықтайды.
 - 3.5.2. 1 қосымша жүлде – Apple iPhone 16 PRO смартфон - 12 (он екі) дана.
 - 3.5.3. 2 қосымша жүлде – Samsung Galaxy S25 смартфон - 12 (он екі) дана.

- 3.5.4. 3 қосымша жүлде – «Евразия» СК-дан сақтандыру сыйлықақысы 300 000 теңгеге дейінгі «Каско» сертификаты («Каско» бағдарламасы бойынша автокөлікті 300 000 теңгеге дейінгі сақтандыру сыйлықақысымен бір жылға сақтандыруға мүмкіндік береді) - 12 (он екі) дана.
- 3.5.5. Ынталандыру сыйлығы 4 – 30 (отыз) литр бензинге Сертификат-120 (жүз жиырма) дана.
- 3.6. Жеңімпаздардың табыс салығын төлеуге байланысты барлық шығындарын ұйымдастырушы өз мойнына алады. Жүлдені алу үшін жеңімпаздан қосымша ақы талап етілмейді.
- 3.7. Жеңімпаздар Ұйымдастырушымен немесе Бірлесіп ұйымдастырушымен бірге келісілген күні және уақытта өз бетінше, өз есебінен жүлдені тапсыру орнына жетеді.
- 3.8. Ұтыс ойыны 4 (төрт) кезеңде өткізіледі. Ұйымдастырушы әрбір кезеңді өткізу кезеңін дербес айқындайды:
- 3.8.1. I кезең, 2025 жылғы тамыз – Қосымша жүлделер ұтыс ойыны: 3 (үш) Apple, Samsung смартфондары және «Каско» сертификаты, сондай-ақ 30 (отыз) ынталандыру жүлделері.
- 3.8.2. II кезең, 2025 жылғы қараша – Бас жүлде, сондай-ақ қосымша жүлделер ұтыс ойыны: 3 (үш) Apple, Samsung смартфондары және «Каско» сертификаты, сондай-ақ 30 (отыз) ынталандыру жүлделері.
- 3.8.3. III кезең, 2026 жылғы ақпан – Қосымша жүлделер ұтыс ойыны: 3 (үш) Apple, Samsung смартфондары және «Каско» сертификаты, сондай-ақ 30 (отыз) ынталандыру жүлделері.
- 3.8.4. IV кезең, мамыр 2026 жыл – Бас жүлде, сондай-ақ қосымша жүлделер ұтыс ойыны: 3 (үш) Apple, Samsung смартфондары және «Каско» сертификаты, сондай-ақ 30 (отыз) ынталандыру жүлделері.
- 3.9. Ұтыс ойынының әрбір кезеңін өткізу және сыйлықтарды тапсыру сәтінде жеңімпазда қолданыстағы Шарт болуы тиіс. Шартты мерзімінен бұрын бұзған жағдайда қатысушы Ұтыс ойынына қатыса алмайды.
- Назар аударыңыз! Әрбір қатысушы бір жүлде ғана ұтып алуға құқылы.
- 3.10. Басты және қосалқы жүлделер үшін негізгі жеңімпаздан басқа, жүлдеден бас тартқан немесе қатысу шарттарын бұзған жағдайда үш қосалқы жүлде таңдалады.

4. СЫЙЛЫҚТАРДЫ АЛУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА ШАРТТАР

- 4.1. Ұтыс ойынының әрбір кезеңі өткізілгеннен кейін Ұйымдастырушының немесе Бірлесіп ұйымдастырушының өкілдері жүлдені беру күнін, уақытын және орнын анықтау үшін әрбір Жеңімпазбен байланысады.
- 4.2. Ұтыс ойынына Қатысушыға жүлдені Ұйымдастырушының немесе Бірлесіп Ұйымдастырушының өкілі тапсырады.
- 4.3. Ұйымдастырушы Ұтыс ойынының нәтижесі бойынша жүлде алған Ұтыс ойынына кез келген Қатысушының жеке басын куәландыратын құжатты көрсетуді талап ету құқығын өзіне қалдырады.
- 4.4. Жүлделер қайтарылуға және олардың ақшалай баламасына айырбасталуға жатпайды.
- 4.5. Ұтыс ойыны бойынша бас және қосымша жүлделерді тапсыру осы Шарттардың № 1 қосымшасына сәйкес нысан бойынша қабылдау-тапсыру актісі бойынша беріледі. Ұйымдастырушының талап етуі бойынша Жеңімпаз өзінің жеке басын куәландыратын құжатты көрсетеді.
- 4.6. Ұйымдастырушы Ұтыс ойыны аясында берілетін сыйлықтардың сапасына жауапты болмайды. Сапа бойынша наразылықтарды Қатысушы Ұтыс ойыны аясында берілетін тауарларды өндірушілерге ұсынуы тиіс.
- 4.7. Ынталандыру сыйлығы Қатысушыға бірегей коды бар SMS-хабарлама жіберу арқылы беріледі. Жүлде алу үшін хабарламада көрсетілген мерзімде автожанармай құю станциясы

желісінде кодты көрсету қажет. Кодтың қолданылу мерзімі шектелген және жеңімпаз пайдаланбаған жағдайда тоқтатылуы мүмкін.

4.8. Егер Жеңімпаз ұтыс ойыны өткізілген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Жүлде алу құқығын пайдаланбаса, онда Ұйымдастырушы Жеңімпазға Жүлдені беруден бас тартуға құқылы.

5. ҚОСЫМША ШАРТТАР

5.1. Жүлдені (-лерді) тапсыру бұқаралық ақпарат құралдарын тарта отырып, көпшілік іс-шара арқылы, аудиожазба, фото және бейнетүсірілім арқылы ұйымдастырылуы мүмкін.

5.2. Ұтыс ойынына қатыса отырып, әрбір Қатысушы өзінің аты (-аты-жөні), тегі(тектері) және әкесінің аты (бар болса), тұрғылықты қаласы және бейнесі (-лері), оның ішінде фотосуреті(-тері) (бұдан әрі бірлесіп және жеке-жеке- "Дербес деректер") жұртшылыққа қолжетімді болатынына және кез келген аудио - фото - және бейнематериалдарда осы тұлғалардан қандай да бір қосымша рұқсаттар немесе келісімдер алмай (дербес деректерді жинауға және өңдеуге рұқсаттан басқа) пайдаланылуы мүмкін екендігімен келіседі.

5.3. Бас жүлдені немесе қосымша жүлдені алған қатысушылар Ұтыс ойынына қатысу туралы, оның ішінде радио мен теледидарда, сол сияқты өзге де бұқаралық ақпарат құралдарында жарнамалық сұхбат беруге не ол үшін Ұйымдастырушы қандай да бір сыйақы төлемей графикалық жарнамалық материалдарды дайындау үшін түсірілімге келіседі.

Мұндай сұхбаттарға және өзге де материалдарға барлық авторлық құқықтар Ұйымдастырушыға тиісінше шектеусіз мерзімге және осы құқықтарды пайдалану шарттары мен аумағына шектеусіз тиесілі болады.

5.4. Әрбір Жеңімпаз Ұйымдастырушының Қатысушы туралы дербес деректерді, оның ішінде бейне және (немесе) аудио жазбалардағы дербес деректерді жинауды, өңдеуді, қол жеткізуді, сақтауды, алуды және таратуды жүзеге асыратынына, Ұйымдастырушының өз қалауы бойынша орынды деп тануы мүмкін кез келген тәсілмен жұртшылыққа қолжетімді болуына және Ұйымдастырушы қандай да бір келісімдерді немесе қосымша рұқсаттарды алмай, қандай да бір сыйақы төлемей және Қатысушыны қосымша хабардар етудің қажеттілігінсіз пайдалана алатынына келіседі.

5.5. Ұтыс ойынының әрбір Жеңімпазы, оның ішінде қосалқы ұтыс ойынының Жеңімпазы Ұйымдастырушы оның дербес деректерін кейіннен Жүлделерді беруді ұйымдастыру үшін Бірлесіп ұйымдастырушыға беретініне келіседі.

5.6. Ұйымдастырушы кез келген уақытта Ұтыс ойынын өткізу мерзімін өзгерту немесе ұзарту, сондай-ақ осы Шарттарды өзі қалағандай өзгерту құқығын өзіне сақтайды.

5.7. Ұйымдастырушы ұтыс ойынына қатысты қосымша ақпаратты жариялау құқығын өзіне қалдырады. Қосымша немесе өзгертілген ақпарат жарнамалық материалдарда және/немесе Ұйымдастырушының қатысушы сату нүктелерінде Ұйымдастырушының өз қалауы бойынша орналастырылуы мүмкін.

ҰТЫС ОЙЫНЫНА ҚАТЫСУ АРҚЫЛЫ СІЗ ҰТЫС ОЙЫНЫНЫҢ ШАРТТАРЫНЫҢ МӘТІНІМЕН МҰҚИЯТ ТАНЫСҚАНЫҢЫЗДЫ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ РАСТАЙСЫЗ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШАРТТАРЫМЕН ЕШҚАНДАЙ ШЕКТЕУСІЗ НЕМЕСЕ ЕРЕКШЕЛІКСІЗ КЕЛІСЕСІЗ.

«Евразия» СК 30-жылдығына арналған
«Каско үшін автомобиль»
ұтыс ойынын өткізу шарттарына
№1 Қосымша

**«Каско үшін автомобиль» ұтыс ойынына қатысу қорытындысы бойынша
жүлдені қабылдау-тапсыру актісі**

«Евразия» Сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы (бұдан әрі-Компания),
_____ тұлғасында, тапсырады, ал _____ (ТАӘ),
Компания өткізетін «Каско үшін автомобиль» Ұтыс ойынына Қатысушы Ұтыс ойыны
бойынша сыйлық алады:

- **Toyota Corolla** автомобилі
- **iPhone 16 Pro**
- **Samsung Galaxy S25**
- **«Каско» Сертификаты**

Компания Ұтыс ойыны аясында берілетін сыйлықтардың сапасына жауапты емес. Сапа
бойынша талаптарды қатысушы Ұтыс ойыны аясында берілетін тауарларды өндірушілерге
ұсынуы тиіс.

Қатысушының ТАӘ _____

Қолтаңба _____

Күні _____

Компаниядан

Өкілдің ТАӘ _____

Қолтаңба _____

Күні _____

«Евразия» СК 30-жылдығына арналған
«Каско үшін автомобиль»
ұтыс ойынын өткізу шарттарына
2 Қосымша

Өтініш

Мен, _____ (ТАӨ), «Евразия» Сақтандыру компаниясы» АҚ
өткізетін «Каско үшін автомобиль» Ұтыс ойынына қатысушы:

1. «Каско үшін автомобиль» Ұтыс ойынын өткізу және оған қатысу Шарттарымен таныстым және келісемін.
2. «Евразия» СК АҚ (бұдан әрі – Оператор) мен ұсынған және операторда бар барлық (кез келген) дербес деректерімді (ТАӨ, байланыс телефондары, тұрғылықты жері, жұмыс орны, денсаулық жағдайы, отбасылық жағдайы, білімі, хоббиі, кәсібі және т. б.) Қазақстан Республикасының «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Заңымен пайдалануға (өңдеуге, жинауға, жүйелеуге, жинақтауға, сақтауға, жаңартуға, өзгертуге, иесіздендіруге, бұғаттауға, жоюға, беруге және т. б.) өзімнің толық және сөзсіз келісімімді беремін.
3. «Евразия» СК АҚ-ның жарнамалық, ақпараттық және өзге де материалдарда, веб-сайттарда, әлеуметтік желілерде және жария таратудың өзге де нысандарында маған сыйақы төлемей, суретке түсіру және бейнежазба жүргізу арқылы алынған менің жеке бейнемді пайдалануға, жариялауға, жаңғыртуға, таратуға келісімін беремін.

ҰТЫС ОЙЫНЫНА ҚАТЫСУ АРҚЫЛЫ СІЗ ҰТЫС ОЙЫНЫНЫҢ ШАРТТАРЫНЫҢ МӘТІНІМЕН МҰҚИЯТ ТАНЫСҚАНЫҒЫЗДЫ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ РАСТАЙСЫЗ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШАРТТАРЫМЕН ЕШҚАНДАЙ ШЕКТЕУСІЗ НЕМЕСЕ ЕРЕКШЕЛІКСІЗ КЕЛІСЕСІЗ.

ТАӨ

Қолтаңба

Күні

